


- Жону әдісінің сипаттамалары Жону дайындаманың бетінің сырт пішін кұрудың технологиялық әдісі – екі қозғалыспен сипатталады: дайындаманың айналу қозғалысы (кесу жылдамдығы) және кесу кұралының ілгерлімелі қозғалысы (беріліс қозғалысы). Беріліс қозғалысы дайындаманың айналу өсіне параллельді (бойлық қозғалыс), Дайындаманың айналу өсіне перпендикулярді (көлденіңен беріліс), дайындаманың айналу өсіне бұрышпен (қиғаш беріліс) жүзеге асырылады. Жону түрлері: сыртқы жону – сыртқы беттерді өңдеу, күйлей жону – жазық (шет жақты) беттерді өңдеу; кесу – дайындаманы бөлшектерге бөлу немесе шыбықты илем дайындамасынан дайын тетікті кесу. Жону қабылданған классификация бойынша бірінші топқа жататын жону білдегінде орындалады.


Жону мен өңдеу сипаттамасы және технологиялық мүмкіндіктері

- Жону тобының білдектерінде дайындамаларды өңдеу. Жону білдектері машинажасау зауытының білдектер құрамының 50% құрайды. Жону білдектерінің 9 түрі бар: 1.Бір айналдырықты стоматтар және жартылай автоматтар; 2.Көп айналдырықты втоматтар және жартылай автоматтар; 3.револьверлі; 4.кесу-бұрғылау; 5. айналма устелді; 6.окарлық және маңдайлы; 7. көп кескіш; 8.арнайы дайындалған; 9.әртүрлі. Жону білдектерінің түрлері 1 суретте көрсетілген

- Әр топтың ішінде білдектер өлшем мен конструкциясымен ерекшелінеді. Жону-бұрамакескіш білдектердің негізгі техникалық сипаттамасы, олардың технологиялық мүмкіндіктерімен анықталатын өнделетін дайындаманың ең үлкен радиусын анықтайтын тұғыр астындағы центрлер биіктігі, сонымен қатар тұғырда орналастыруға болатын, өнделетін дайындаманың ең үлкен ұзындығын анықтайтын центрлер арасындағы қашықтықты анықтайды. Моделі 19K20 білдегінің құрылғысы мен сипаттамасы, оның технологиялық сипаттамасы. Бағыттауыш тұғыр үстінде орналасқан дайындаманың максимал диаметрі 400 мм, ал суппорттың үстінгі бөлігінде 220 мм, өнделетін дайындаманың максимал ұзындығы шамамен 1300 мм. Электрқозғаушы жетектің қуаты 10 кВт, бұл дайындаманың жону кезінде көптеген әдіптерді шешуге мүмкіндік береді.

- Айналындырықтың үлкен айналым саны 2000 айн/мин кесудің жоғары жылдамдықпен жұмыс істеуіне мүмкіндік береді. Білдек 0,075-тен 4,46 мм/айн дейін 48 бойлық беріліс және көлденіңнен 0,038-ден 2,23 мм/айн бар. Бұранданың барлық түрлерін кесуге мүмкіндік береді. Білдекте ішкі және сыртқы цилиндрлік және конустық беттерді сырт жону және күйлеуге, оларға бұранданы кесуге, БИД әдістерімен, бұрғылау, бұрғылап кеңейтуге, центрлеу, ұңғылау, тесіктерді ұңғылау (сыртқы жону және беттік сығымдау), цилиндрлік және конустық беттерін сыртқы жону және беттік сығымдау, дайындаманы тіліктеу және кесу, жырашықты жону, арнайы техникалық жабдық қолданғанда сұлбалы және көпжақты беттерді өңдеуге болады





Назарларыңызға рахмет